

2001 жылы туған ер азаматтарды 2018 жылы шақыру учаскесінде тіркеуді ұйымдастыру туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қаңтарда № 4580 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңына сәйкес, Қаражал қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2018 жылдың сәуір айына дейін 2001 жылы туған ер азаматтарды "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Меншік нысанына және бағыныштылығына қарамастан Қаражал қаласының және Жәйрем кентінің кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және оқу орындарының басшылары "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесіне 2001 жылы туған, шақыру учаскесінде тіркеуге жататын ер азаматтардың тізімін белгіленген нысанда ұсынсын.

3. Жәйрем мен Шалғы кенттерінің әкімдері 2001 жылы туған жасөспірімдердің "Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің Қарағанды облысы Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінің комиссиясына ұйымдастырылған және міндетті түрде келуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары Т. Ерденевке жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қаражал қаласының әкімі

Т. Досаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы қорғаныс
Министрлігінің Қарағанды облысы
Қаражал қаласының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" республикалық
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ М. Исатаев

2017 жыл "28" желтоқсан
"Қазақстан Республикасы ішкі істер
Министрлігінің Қарағанды
облысының ішкі істер Департаментінің
Қаражал қаласының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ А. Тәкібаев

2017 жыл "28" желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК